

Мақта-шикізатын өндіруді тұрақтандыру және республиканың тоқыма өнеркәсіп орындарын мақта-шикізатымен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қ А У Л Ы С Ы 1995 жылы 22 тамыз N 1156

Мақта-шикізатын өндіруді тұрақтандыру, республиканың ұқсатушы өнеркәсібінің мақта-шикізатына қажетін қамтамасыз ету және халық тұтыну тауарларын өндіруді ұлғайту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі және Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі мақта шаруашылығындағы істің жайын қарап, мақта егісін өңдеу технологиясын жетілдіру, мақта-шикізатын өндіруді арттыру жөнінде шаралар қ а б ы л д а й т ы н б о л с ы н .

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі егу аймағындағы коллекторлық-дренаждық жүйелерді жаңғырту және суармалы жерлерді мелиорациялық жақсарту жөніндегі жұмыстарды 1996 жылы және болашақта қаржыландыру көздері туралы ұсыныстарды пысықтап, оларды Министрлер Кабинетінің қарамағына енгізсін.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі облысқа минералдық тыңайтқыштарды, дефолианттарды, пестицидтерді жеткілікті мөлшерде әкелуді ұ й ы м д а с т ы р с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі ішкі рыноктың сыйымдылығын басшылыққа алып, көлемі мен жөнелту мерзімін көрсете отырып, республиканың жеңіл өнеркәсіп орындарына мақта-шикізатын беру жөнінде салааралық келісім жасауды қамтамасыз етсін.

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі республиканың жеңіл өнеркәсіп орындарына мақта-шикізатты салааралық келісімде белгіленген мерзім мен шарт бойынша берудің орындалуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.05.12. N 579 қаулысымен

3. Осы қаулы қабылданғанға дейінгі ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден мақта-шикізатын сатып алуға жасалған фьючерлік және форвардтық контракттар, егер екі жақтың бірі өзіне алған міндеттемесін толық немесе ішінара о р ы н д а с а к ү ш і н с а қ т а й д ы .

Ескерту. 3-ші тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРМК-нің 1995.09.07. N 1238 қаулысымен

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.05.12. N 579 қаулысымен

4 . < * >
5 . < * >

Ескерту. 4,5-тармақтарының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1996.05.12. N 579 қаулысымен

6. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Экономика министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Қаржы министрлігі, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілерді, ұқсатушы кәсіпорындар мен тоқыма мата өндірушілерді біріктіретін агроөнеркәсіптік қаржы топтарын құру жөніндегі мәселені пысықтайтын болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі